

Қазақстан Республикасының Энергетика
министрлігіҚазақстан Республикасы
Энергетика министрінің 2020
жылғы 29 маусымдағы № 243
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2020 жылғы 29
маусымда № 20905 болып тіркелді

Министерство энергетики Республики Казахстан

**«Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 514 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17956 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген электр энергиясына шекті тарифтер осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрінің мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрінің мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы



«РКАО» РМК лавазымлы тұлғаның ЭШК мәліметі бап QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Н. Ногаев

